



Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитеті
Төрағасының
2022 жылғы « 1 » наурыдағы
№ 1 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен
толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 809 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында:

14 - тармақта 11) және 37) тармақшалар алып тасталсын;

18-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар (өкілдіктер) құруға жазбаша келісім береді;»;

26-тармақ мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) Кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижелілігіне және тиімділігіне дербес жауапты болады;»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.»;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына иелік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.

Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен ғана дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға, қарыздарды беруге құқылы.»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапты емес.

Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін соңғысының қаражаты жеткіліксіз болған кезде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.»

Директор



Д. Бекиров